

Түркістан облысы Қазығұрт ауданының
Адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты
«Адель» бөбекжай балабақшасы
«Балдырған» ортаңғы тобы.

«Ұлы жеңіс-жасасын»

Тәрбиешілер: Мауленова А.

Разахова М

2022-2023 оқу жыл

«Ұлы жеңіс-жасасын»

Мақсаты: Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру. Оларға патриоттық тәрбие беру. Балаларды ұлы отан соғысымен, ерлік істерімен таныстыру ой өрістерін дамыту. Үлкендерді сыйлай білуге, оларды қадірлеуге, отан үшін шайқасқа түскен аға-апаларымыздың рухына бас июге, адамгершілікке тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Соғысқа қатысқан аға-апаларымыздың портіреті. Каропкадан танкы, каропкадан ұшақтар жасалынды.



Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, қимылды-ойын.

Оқу іс әрекетінің барысы

Тәрбиеші: Құрметті ұстаздар, бүлдіршіндер бүгін біз дүниені дүр сілкіндірген 9- мамыр жеңіс күніне арналған «Ұлы жеңіс- жасасын» атты ұйымдастырылған іс әрекетімізді бастаймыз.

Бәріміз тік тұрып ән ұран орындаймыз.

-Ал енді шаттық шеңберге тұрып, таңғы жиынымызды айтайық

Тәрбиеші: *Жарайсыңдар балалар орнымызға отырайық.*

Тәрбиеші: *Қамықпаған қиындықтың үрінен,*

Өздерің силап қырдың гүлінен.

Бүгінгі ұрпақ -бақытты ұрпақ атанып,

Құттықтаймыз ұлы жеңіс күнімен.

Құрметті ұстаздар мен балалар. Баршамызға белгілі 9- мамыр 5-жылға созылған Ұлы отан соғысында неміс басқыншыларын өз ордасында күйрете талқандап, әділетті елімізге жеңіс әкелген күн. Жеңіс оңайлықпен келген жоқ, қанша бала жетім қалды, қаншама аналарымыз жесір қалды, қаншама қыршын боздақтарымыз отан үшін өмірін қиды. Әлемді дүр сілкіндірген оқиға 1945жылы 9 мамырда Ұлы жеңіспен аяқталды. Өз халқын батырлығын әлемге әйгілі еткен қазақтың батырлары. Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, атты аға апаларымыз соғыста ерлік көрсетіп батырлық пен қаза тапқан. Біздің бейбіт өмір сүруіміз үшін жанын қиған, ерлікпен қаза тапқан ата-әжелеріміздің есімін ешуақытта ұмытпаймыз, рухтарына бас иіп 1минут үнсіздікпен еске аламыз

Тақпақтар: . **Ая** Мәншүк апай батыр қыз,

Ардақтаймыз атын біз.

Ұқсап Мәншүк апайға,

Өсіп келе жатырмыз.

Сафия

Біз еліктеп өсетін ,

Батырларың десе кім.

Әлия, Мәншүк апамыз,

Бауыржан біздің атамыз.

Жанбота

Әлия, Мәншүк апамыз,

Бауыржандай атамыз.

Фашисттерден отанды,

Қорғап батыр атанды.

Көрініс: Анасы Ая, баласы Шахкерім, қызы Назерке, хат тасушы Аяла



Тақпақтар:

Нұрсая Жеңіс келді далама,
 Жеңіс келді қалама.
 Жеңіс келді әке боп,
 Елдегі бар балаға.

Иманғали Соғыс өртін көзбен көрген,
Отан үшін жанын берген.
Мақтанышым ардагерім,
Жеңіс туын желбіреткен

Шахкерім Мен соғысты жек көрем,.
 Күні ертең-ақ ер жетем.

Туған жерді әлпештеп,
Кірпік ілі тербетем.

Сергіту сәті:

Топпен жұмыс:

1-топ. Жеңіс алауын жабыстыру.

2-топ. Еркіндік құсын құрастыру.

3-топ. Салдатты жабыстыру.

4-топ. 9 санын бояу.

5-топ. Қиылқан 5 жұлдызды орнына қою.

Жарайсыңдар балалар, бүгінгі «Ұлы жеңіс жасасын» атты ұйымдастырылған оқу іс әрекетке арналған ашық сабағымызды қорытындылап жіберейік.

Бүгінгі тақырыпта немен таныстық.



